Ұлыбританияда жылжымайтын мүлікті бағалаудың бес негізгі әдісі қолданылады. Салыстыру әдісі жылжымайтын мүлік нарығындағы мәмілелер туралы деректерді жинақтауға, оларды жүйелеуге және ұқсас объектілерді іріктеуге бағытталған. Бұл әдісте бағаланатын объектіге ұқсас мүліктер зерттеледі, ал бағалау сапасы объектілер туралы ақпараттың толықтығы мен нақтылығына байланысты. Бағалау объектілерінің толық аналогтары сирек

кездесетіндіктен, бағалаушылар объектіні бірнеше бөліктерге бөліп, әр бөлікті жеке-жеке аналогтармен салыстыру әдісін пайдаланады.

Инвестициялық әдіс жалға берілетін жылжымайтын мүлік объектілерінің құнын бағалау үшін қолданылады. Бұл әдіс меншік иесі үшін жылжымайтын мүліктің қаржылық пайда әкелуін бағалауға бағытталған. Бағалау барысында жалдау ақысының мөлшері мен нарықтағы кіріс коэффициенттері есепке алынады.

Мердігерлік әдіс нарықтық сату бағасына емес, объектінің ерекше сипаттамаларына негізделеді. Бұл әдіс негізінен мемлекеттік және муниципалдық жылжымайтын мүлікті, тұрғын үйлерді, әлеуметтік нысандарды, білім беру мекемелерін және ірі өнеркәсіптік кешендерді бағалау үшін қолданылады. Бағалау барысында объектінің жер учаскесі мен ғимараттарының құны, олардың тозу деңгейі ескеріледі.

Қалдық әдісі даму әлеуеті жоғары жер учаскелерін бағалау үшін пайдаланылады. Бұл әдіс жер телімін қала құрылысы талаптарына, жоспарлы рұқсаттың болуына немесе болмауына және басқа да факторларға байланысты бағалайды.

Кәсіпкерлік бағалау әдісі бірнеше бағалау тәсілдерінің үйлесімін қамтиды. Оның негізінде шығындық, табыстық және нарықтық әдістер біріктіріліп, кешенді бағалау жүргізіледі. Бұл әдіс Ұлыбританияда мемлекеттік компанияларды жекешелендіру кезінде және Германияның бірігуінен кейін Шығыс Германиядағы өндірістік кәсіпорындарды жекешелендіруде қолданылды.

АҚШ-та жылжымайтын мүлікті бағалаудың үш негізгі әдісі бар: шығындық әдіс, салыстырмалы әдіс, табыстық әдіс. Бағалаушы стандарттарына сәйкес, бағалау процесінде нақты әдісті таңдаудың негіздемесі болуы тиіс және дәлдік үшін кемінде екі әдіс қолданылуы қажет.

Оңтүстік Корея, Канада, Голландия және Швецияда жылжымайтын мүлік объектілерінің нарықтық бағасын ескере отырып, ұқсас объектіні қайта жаңғырту құны әдісі пайдаланылады. Швейцария, АҚШ және Данияда жылжымайтын мүлік нысандарының нарықтық бағасына түзетулер енгізу және салыстыру үшін анықтамалық әдістер қолданылады [10].

Австралияда өнеркәсіптік жылжымайтын мүлікті бағалау кезінде объект Қалаының бірлігіне шаққандағы кіріс мөлшері есепке алынады. Бұл әдіс Швейцарияда, АҚШ-тың кейбір штаттарында және Канаданың кейбір провинцияларында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бағалау үшін қолданылады.

Франция мен Ұлыбританияда жылжымайтын мүлікті бағалауда оның жылдық жалдау құны негізге алынады. Францияда тұрғын үйлер, коммерциялық және өнеркәсіптік ғимараттар үшін салық салу жүйесі бөлек қарастырылады. Тұрғын үй қоры сегіз топқа бөлініп, әр топ үшін қайта есептеудің жылдық коэффициентін қолдану арқылы объектінің жалпы құны анықталады. Жер учаскелері он екі топқа бөлінеді, бұл тәсіл жылжымайтын мүлікке қатысты бағалауды біркелкі жүргізуге мүмкіндік береді. Коммерциялық ғимараттар мен құрылыстар үшін бағалау әдісі ретінде

жылдық жалдау ақысы немесе нарықтық сату құны қолданылады. Өнеркәсіптік жылжымайтын мүлік объектілері үшін ұқсас объектілердің қалпына келтіру құны әдісі пайдаланылады.

Әрбір елдің жылжымайтын мүлік бағалау жүйесі өздерінің нарықтық ерекшеліктеріне, экономикалық даму деңгейіне және құқықтық базасына байланысты қалыптасады. Қазақстан жылжымайтын мүлікті бағалауда шет мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес жүйені дамыту бағытында жұмыс жүргізіп келеді.

2. Шымкент қаласының табиғат жағдайы, аумақтық орналасу ерекшеліктерінің бағалауға әсері

2.1 Қаланың географиялық орны, жер бедері

Шымкент – бұл еліміздегі ең ірі қалалардың әрі Республикалық маңызы бар қалалардың бірі. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 3-бабының 1-тармағына сәйкес 2018 жылы маусым айында Шымкентке республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді. Қала ауданы – 116,3 мың га. 2024 жылдың 1-ші ақпанындағы статистикалық мәліметтерге сәйкес қаланың халық саны 1 387 809 адам. Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда тұрғыны жөнінен 3-ші орынды алады. Шымкент қалалық әкімдік аумағында 11 елді мекен, 1 кенттік, 10 ауылдық округке біріктірілген: Тұрлан кенті, Бозарық, Қайтпас-1, Қайтпас-2, Қатынкөпір, Куйбышев, Ленин, Ақтас, Жиделі, Ынтымақ, Қызыләскер ауылдары. Шымкент — көп ұлтты халық мекендеген қала. Мұнда жүзге жуық ұлт өкілдері тұрады. Халықтың негізгі бөлігін қазақтар - 59,5%, орыстар - 18,6%, өзбектер - 16,5%, татарлар - 2,3%, әзербайжандар - 1,9%, украиндер - 1,3%, кәрістер - 1,3% құрайды.; 19 ұлттық-мәдени орталықтар бар. Қаладағы тұрғын саны - 92,2%. Жаңа бас жоспар бойынша қаланың аумағы 40 мың гектардан 116,3 мың гектарға артады, яғни 3 есе ұлғайды (2-сурет) [10].


Шымкент қаласы тарихы. Осы уақытқа дейін ғалымдардың көпшілігі қазіргі Шымкент аумағындағы елді мекендер XI - XII ғасырларда болған деп жорамалдайды. Сондай-ақ, Шымкенттің бұрын пайда болғандығы туралы болжамдар бар. Бұған археологиялық қазбалар мен қабірлерді салу кезінде табылған, мамандардың бағалауы бойынша V-VI ғасырларға тән болған қорымдар дәлел.

Өткен ғасырдың басында қала бекінісі орнында ер адам мен әйелдің денесі табылып, зороастрлық рәсіммен жерленген, яғни бұл дененің 1500 жыл болғандығын білдіреді. Бірқатар археолог ғалымдардың пікірінше, бұл жерде үлкен жерлеу болған, егер расталса, қаланың пайда болу уақытын қарастыруға болады. Біздің дәуірден келе жатқан жазбаша дереккөздерде Шымкентті алғаш рет парсы тарихшысы Шараф ад-дин Али Язидің 1365-1366 жылдардағы Әмір Темірдің әскери жорықтарына қатысты біздің есептеулеріміз бойынша жазылған «Зафар наме» («Жеңіс кітабы») жазған. Бұл оның кітабында елді мекен деп аталады.

Жалпылама айтқанда, қала ежелгі уақыттан бері адамдар өмірі үшін қолайлы орын болған. Бұған ежелгі қоныстардың археологиялық қазбаларында табылған мәдени мұра арқылы көз жеткізуге болады. Екіншілік пен жүзімдік өзен бойындағы өрістердің етегінде, ал мал шаруашылығы - шөпті таулы жайылымдарда кеңінен дамыған.

Шымкенттің жалпы қалалық жоспары аймақтарға бөлу жобаларын, қаланың инфрақұрылымы мен дамуын, табиғи кешенін, тұрғын үйлер мен репродуктивті аймақтарды, әлеуметтік, іскерлік және мәдени орталықтарды,

туризм мен ойын-сауық кешендерін құру, дамыту және жүзеге асыру, кешенді жетілдіру мен эстетикалық ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.



2-сурет - Шымкент қаласының картасы [9].

Қала, дамудың әкімшілік аймақтары қаласы Шымкент және басқа бөлімшелер, дамыту және дамыту жобалары, қала құрылысы және құрылыс, бірінші кезектегі міндеттерді жүзеге асыруға негіз болады. Жаңа бас жоспарға сәйкес Шымкент қаласының шекарасын анықтау мақсатында 2012 жылы қалалық бюджеттен 36,3 млн.теңге қаралып, Сайрам ауданынан Шымкент қаласының шекарасына 55461,13 га жерін, Төлеби ауданынан 13671,21 га жерін және Ордабасы ауданынан 7682,27 га жерлері қосылды. Жаңа бас жоспар бойынша 77 мың га қосылды, оның 40 мың га жасыл желекті жерлерге беріледі. 37 000 га жер оның ішінде 20 мың га-бұл қалаға қосылатын елді-мекендер ауданы. Ал 17 мың га жер құрылыс аймағына беріледі, әсіресе, көпқабатты құрылысқа басымдылық берілген. Осы аумақта 2025 жылға дейін 16 млн. шаршы метр тұрғын үй салыну жоспарлануда. Қаратау ауданы құрылғанда басқа аудандардан біраз шағын аудандар берілді (2-сурет).

Абай ауданынан: «Асар», «Асар-2», «Достық», «Достық-2», «Ақжайық», «Қайнар бұлақ».

Әл-Фараби ауданынан: «Бозарық», «Қайтпас», «Тұран», «Нұрсат», «Тассай», «Таскен», «Мартөбе», «Қызылсай», «Достық», «Тәжірибе бекеті».

Еңбекші ауданынан: «Азат», «Мирас», «Нұртас», «Қайтпас», «Өтеміс», «Шапырашты», «Сайрам», «Орманшы».

Жаңа ауданның көлемі — 33 мың гектар. Оның құрамына 28 елдімекен кіреді. Яғни, бұл — шамамен 210 мың халық деген сөз (3- сурет) [13].



3-сурет. Шымкент қаласының әкімшілік-территориялық карта-сұлбасы [4].

Қала аумағының үлкеюіне байланысты шаһардың орталығын тиімді тұсқа орналастыру көзделген. Елбасының нақты сын-ескертпелерімен толықтырылып, жетілдіріліпті. Сөйтіп, үш бағыт бойынша ұсыныс енгізілген. Оның алғашқысы Солтүстік-Батыс аймағы («Тұран» шағынауданы, «Бозарық» жағы) еді. Екінші бағыт бойынша «Нұрсәт» шағынауданының маңында орналастыру жоспарланды. Үшінші бағыт ретінде Сайрам бағыты есепке алынды. Үшеуін де қарап, екіншісіне тоқтам жасалған. Облыс басшыларының ұйғарымы да осыған келіп тірелді. Яғни, «Нұрсәт» шағынауданының маңайында алдын-ала жоспарлау, орнықтыруға мамандар кірісіп кеткен. Нобайы түзіліп, макеті жасалды. «Нұрсәттегі» Ж.Адырбеков көшесінің төмен жағы Бәйтерек көшесіне ұласады. Аталмыш шағынауданның оң жақ қанатында орналасады. Бас жоспар бойынша қалада бір теміржол вокзалы және халықаралық санаттағы бір автовокзал іске қосылады. Солтүстік бағытта Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық транспорт дәлізінің құрылысы жалғасуда. Оңтүстік-батыста Ташкент бағытында тағы халықаралық дәрежеде трасса салынуда. «Елбасы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» саяси құжатында: «Қазақстанның алғашқы заманауи урбанистік орталықтары ірі қалалар – Астана мен Алматы, одан соң – Шымкент болады. Олар халықтың және инвестициялардың шоғырлану орталықтарына айналады, сапалы білім беру, медицина, әлеуметтік-мәдени қызметтер көрсетеді», - деген болатын [12].

Қаланың ең ірі өзені Бадам өзені. Бадам өзені Қаржантаудың батыс беткейлерінен шамамен 2550 м басталады, жоғарғы бөлігінде су қоймасы бар Тоғыз саласы құяды. Шамамен Шымкент қаласына дейін Бадам өзені таулы сипатқа ие, қаланың территориясында салыстырмалы енді аңғар бойынша жазықтық өзенге айналады.

Бадам өзенінде Бадам су қоймасы құрылған, оның ең негізгі мақсаттарының бірі Шымкент қаласын сумен қамтамасыз ету. Бұл өзені халық тығыз орналасқан жерден өтеді, осыған орай, оның суларын суғару интенсивті қолданылады. Бадам өзенінің жалпы ұзындығы 143 км, су жинау ауданы 4370 км², су жинау алабының орташа биіктігі 970 м, су шығыны орта есеппен алғанда жылына 14,9 м³/сек. Жалпы жылдық ағынның 47,6 % көктемде өтеді, 26,7 % — жазғы маусымда, ал 25,7 % күз және қыс айларында өтеді [15].


2.2 Қаланың топырақ жамылғысы мен геологиялық құрылысына сипаттама

Топырақ жамылғысы. Қаланың табиғи жағдайлары оның топырағымен тығыз байланыста. Шалғынды, қызыл қоңыр және сұр топырақтың түрлері қала маңындағы таулы аумақтарда жайылған. Ал жазық жерлерде сұр, тақыр, сұр қызыл қоңыр, арасында сор, сортаң топырақ түрлері жайғасқан. Ағынды сулар жанында батпақты, шалғынды топырақ түрлері бар. Облыстың солтүстік және оңтүстік батыс беткейінде құмды шөл аймақтар бар (4-сурет). Аумақтың оңтүстік шығысында биік таулы жоталар бар, онда вертикалды зоналық топырақтар айқын көрінеді. Тау шыңынан төменге қарай мұздықтан субальпітік топыраққа ауысады. Бірақ, олар толық белдеу қалыптастырмай, таудың жылғалары мен жазықтық жердің кейбір жерлерінде кездеседі. Ол жұқа қабатты, ірі бөлшекті топырақ профилі, үлесі жоғары қарашірік пен қалың шымдылығымен сипатталады.

Таулы жерде орналасқан қызыл қоңыр топырақта қарашірік 3 тен 6 пайызға дейін жетіп, қатты жыныстардан құралып, таулы аймақтарда мың метр мен 2,5 мың метр биіктік аралығында жайғасқан.

Тау етегінде сұр топырақ тараған, қарашірік 3 – 4 пайызды құрап, өзен бойларында да кездеседі. Шу және Сырдария өзендерінің аңғарларының кейбір аумақтарында және облыстағы оңтүстік батыс беткейіндегі жерлерде тұзданған сор топырақ кездеседі [14].

Геологиясы. Облыс жерінің көпшілік бөлігі Тұран плитасының құрамына кіреді. Геологиялық құрылымы негізінен кембрийлік, девондық, тас көмірлік жыныстардан (тактатас, құмтас, әктас), таулы бөлігі төменгі палеозойлық жыныстардан (құмтас, гранит, конгломерат, жоталар аралығындағы ойыстар девонның қызыл түсті шөгінділеріне толған) түзілген.



4-сурет - Шымкент қаласының физикалық-географиялық картасы [16].

Жер қойнауынан полиметалл, қоңыр көмір, темір, уран кентастары, фосфорит, вермикулит, тальк, барит, гипс, отқа төзімді саз, әктас, гранит, мәрмәр, кварц, т.б. кен байлықтары барланған. Қаратауда Ащысай, Мырғалымсай, Байжансай қорғасын-мырыш кеніштері 20 ғасырдың 40- 40-жылдарынан жұмыс істейді. Республикада уран кентастарының қоры жағынан бірінші орын, фосфорит және темір кентасының қоры жағынан үшінші орын алады [15].

Шымкент қаласы қоңыржай беледеуінің оңтүстік бөлігінде орналасқан, ал кейбір авторлардың пікір бойынша Қазығұрт таулары қоңыржай белдеуі мен құрғақ материктік субтропиктік белдеулер арасындағы маңызды климаттық шекара болып келеді. Шымкент қаласы Қазақстан Республикасы әкімшілік облыстары орталықтары арасындағы ең оңтүстікте орналасқан,

сондықтан термикалық режимі өте жұмсақ болып табылады. Қаланың және оның маңындағы территориясының климатына маңызды әсер ететін ауа массалры басым осы аймақта пайда болады, яғни жергілікті циклогенез өте күшті болады. Оның басты себебі мұнда таулы климаттың ықпалы басым. Қысқы маусымда Шымкент қаласы орналасқан территориясына солтүстіктен келетін трансформацияланған арктикалық ауа массалырынның ықпалы болады, бірақ ол ауа массалары аса күшті өзгертілген сондықтан ауа температурасы маңызды төмендемейді. Солтүстіктік тарапынан қаланы Қаратау жотасы суық ауа массаларынан қорғайды. Қаланың территориясындағы термикалық режим рекреациялық көз қарастан демалу мақсатында өте жағымды. Мысалы ауаның жылпы жылдық орташа температура $+12,6^{\circ}\text{C}$ тең, ол дегеніміз, Республиканың облыс орталықтарының осындай көрсеткіштерімен салыстырғанда өте жоғары болып келеді, мысалы, Алматы қаласында мұндай көрсеткіш $+7,6^{\circ}\text{C}$, Астана қаласында $+1,4^{\circ}\text{C}$, ал ең солтүстікте орналасқан Петропавл қаласы метеостанциясының көрсеткіші не бары $+0,5^{\circ}\text{C}$ тең. Демек, қаланың термикалық ресурстары қаланың рекреациялық ресурстары көз қарасынан көптеген жылусүйгіш декоративтік өсімдіктерді егуге болатындығын айқындайды. Сондықтан, Шымкент қаласындағы дендро саябақ Қазақстан Республикасында бірегей болып табылады. Ауа температурасын маусым бойынша режимі әр түрлі болып табылады, қысқы маусым салыстырмалы жылы болады, қаңтар айындағы ауаның орташа температурасы $-1,5^{\circ}\text{C}$ құрайды, кері температуралар тек ғана осы қаңтар және ақпан айында байқалады $-0,3^{\circ}\text{C}$ құрайды. Жылдың басқа айларында ауаның температурасы әлде қайда жоғары болады.

Қазақстанның басқа облыс орталықтарымен салыстырғанда жазғы температуралар салыстырмалы жоғары емес, шілде айының орташа температурасы $+26,9^{\circ}\text{C}$ құрайды, ал қаңтар айының жылдық орташа температурасы $-0,8^{\circ}\text{C}$ тең. Жалпы жазғы айларында ауаның температурасы $+20^{\circ}\text{C}$ төмен болмайды [11].

Қала аумағындағы демалыс пен табиғи жағдайына өсімдік жамылғысының ықпалы мол. Облыс аумағында өсімдіктің 1500 түрі бар. Аумақтың жер бедері жазық, сол себепті, мұнда шөлді өсімдік түрлері жиі кездеседі. Атап айтқанда боялыш, жусан, сексеул, бұталы өсімдіктер. Өзен бойларында қамыс, тоғай өсімдіктерін кездестіруге болады. Өсімдік түрлері таулы аумақтарда белдеу биіктеген сайын өзгереді. Шөлді өсімдіктерден басталып астық тұқымдастар, одан жоғары бұталардан, ағаштардан тұратын өсімдік жамылғысы, одан жоғары аршалы ормандар және бұталар, одан әрі аласа шөпті өсімдіктерге жалғасып, шоқ бұталардан кейін тау шыңында мүк, қына қабаттарымен аяқталады [10].

2.3 Шымкент қаласында жерді бағалау мақсатында жер-кадастрлық жұмыстарды жүргізу

Жер кадастрлық жұмыстардың қалалық жердегі жүргізілу тәртібіне тоқталмас бұрын, жер кадастрының құрамдас бөліктерін айқындап кетсек. Жер кадастрының құрамдас бөліктеріне:

- Жерді сандық және сапалық жағынан есепке алу;
- Жер иеленушілер мен жер пайдаланушыларды мемлекеттік тіркеу;
- Топырақты бонитеттеу;
- Жерді экономикалық тұрғыдан бағалау [13].

Жоғарыда аталған жер кадастрының құрамдас бөліктерінің арасында нақты байланыс, сонымен қатар, іске асырудың логикалық реттілігі болады. Барлық жылжымайтын мүлік объектілері міндетті түрде есепке алынады. Мемлекеттік кадастрда міндетті түрде әрбір жылжымайтын мүлік объектісі туралы мынадай мәліметтер қамтылады:

- нысан түрі;
- кадастрлық нөмірі, сондай-ақ есепке қойылған күні;
- объект шекарасының толық сипаттамасы;
- оның орналасқан жері;
- объектінің ауданы [14].

Кез-келген нысан мемлекеттік меншікте болғандықтан да, тек мемлекет арқылы ғана пайдалануға құқық беріледі, сол себептен, пайдаланылған жерлер заң жүзінде бекітіліп жазылуы тиіс және белгілі тәртіппен тіркеуге алынады.

Бұл аталмыш қызметті мемлекеттік жер пайдалануды тіркеу орны жүргізеді. Жалпы жерді есепке алу кезінде оның сандық және сапалық жағдайы, мөлшері (ауданы, көлемі), кеңістіктегі жағдайы мен пайдалануы сипатталып жазылады. Пайдаланудың басты сипаты жер телімінің орналасуы мен құрамына, сонымен қатар, сапалық жағдайымен анықталады. Жер телімдерін пайдалануды тіркеу мағлұматтары әрбір жер пайдаланушының жерді пайдалану мөлшерін жазуда есепке алудың негізі болады.

Жер учаскелерін есепке алу кезінде тек қана сандық көрсеткіштер ғана емес, сонымен қатар, жер табиғи ресурс және өндірістың маңызды құралы ретінде сапалық көрсеткіштерін де анықтайды.

Негізінен, жер-кадастрлық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде арнайы жер-кадастрлық құжаттар өте маңызды рөлді атқарады. Сондықтан, жер-кадастрлық құжаттарға шағын мәліметтер берелік. Қазақстан Республикасының 2003 жылы қабылданған Жер Кодексінің 156-шы бабына сәйкес, базалық жер-кадастрлық құжаттамаларға:

- 1) жер-кадастрлық істер;
- 2) жер-кадастр кітабы;
- 3) жердің біріңғай мемлекеттік тізілімі;
- 4) жер-кадастрлық карталары жатады [11].

Ең алдымен, жер-кадастрлық іс (2-кесте) бұл жер учаскесі туралы нақты мәліметтерді қамтитын құжат болып табылады. Жер-кадастрлық істегі тіркелген барлық ақпарат көздеріне жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган жауапты. Жер-кадастрлық ісі толық жасалып біткеннен кейін, жер телімі туралы ақпараттар жер-кадастр кітабына және бірінғай мемлекеттік жер тізіліміне енгізіледі.

Кесте 2 - Жер-кадастрлық іске түсіндірме жазба [16].

Жер-кадастрлық істің құрылымына,
құрамына және мазмұнына
1-қосымша

Жер-кадастрлық іске түсіндірме жазба №

(жер учаскесінің кадастрлық нөмірі)

№ р/р	Жер кадастрлық істе көрсетілуі қажет ақпараттардың тізілімі	Ақпарат
1.	Жер уческесі туралы дерек:	
1)	Жер учаскесінің орналасқан орны;	
2)	Жер учаскесінің меншік иесі (жер пайдаланушы);	
3)	Жер учаскесінің алаңы (гектар);	
4)	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты;	
5)	Жер учаскесін беру негіздемесі (сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні).	
2.	Жер телімі шекарасындағы басқа меншік иелері туралы ақпараттар:	
1)	Жер телімінің кадастрлық нөмірлері немесе ол болмаған жағдайда жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның толық атауы;	
2)	Жер телімінің алаңы (га)	
3.	Жерге орналастыру құжаттарын бекіту туралы ақпарат көзі (күні және нөмірі)	
4.	Жерге орналастыру жұмысын орындаушы туралы мәліметтер: (заңды немесе жеке тұлғаның аты-жөні)	

Заңды тұлғаның атауы

(Орындаушының аты-жөні)

Жер-кадастрлық кітабы жер учаскелері есепке алынатын, жердің кеңістіктік, табиғи және шаруашылық жағдайы туралы нақты мәліметтер жүйесі қамтылатын құжат болып табылады. Ол 4 бөлімнен тұрады.

Жердің жер-кадастрлық картасы жер телімдерінің орналасқан жерін, мөлшерлерін және шекараларын көрнекті бейнелеу, біріктіру және бөлу кезіндегі олардың өзгерістерін есепке алу мақсатында құрылады және жүргізіледі.

Жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты - жер, құқықтық және қала құрылысы кадастрларын жүргізу мақсатында қажетті, жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын құжат. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 маусымдағы №511 Қаулысымен сәйкестендіру құжаттарының нысандары бекітілген. Сәйкестендіру құжаттарының түрлері:

- жер теліміне жеке меншік құқығын беретін акт;
- тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт;
- уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін акт;
- уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығын беретін акт;

Сәйкестендіру құжаттарын Кадастрды жүргізетін мамандандырылған кәсіпорын жасайды. Сәйкестендіру құжатында келесідей мәліметтер болады:

- Жер телімінің кадастрлық нөмірі;
- Жер теліміне құқық түрі;
- Жер телімінің алаңы;
- Жердің санаты;
- Жер телімін нысаналы тағайындау;
- Жер телімін пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпалықтар;
- Жер телімінің бөлінуі;
- Жер телімінің жоспары;
- Сызықтардың өлшемін шығару;
- Жоспар шегіндегі бөтен жер учаскелері;
- Жер телімінің шекарасындағы ерекше режиммен пайдаланылатын жер телімдерінің тізбесі.

Актіні беру туралы жазба жер учаскесіне меншіктік құқығын, жер пайдалану құқығын беретін актілер жазылатын кітапта көрсетіледі [15].

3. Шымкент қаласындағы жылжымайтын мүлікті кадастрлық және нарықтық бағалау жұмыстары

3.1 Шымкент қаласында жылжымайтын мүлікке құқықтарды цифрлық жүйеде мемлекеттік тіркеу

«Жылжымайтын мүлік» ұғымы заңнамада тікелей жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты анықталған.

ҚР Азаматтық кодексінің 117-бабы 1-тармағынан мынаны ұғынуға болады, ең алдымен жылжымайтын мүлікке жермен тығыз байланысты мүлік, жалпылама тілде орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын мүлік нысандары жатады. Сонымен қатар азаматтық құқық теориясында жылжымайтын мүлікке тән ерекшеліктерге заттың мықтылығы мен тұтынылмайтындығы жатады. Осы ерекшеліктердің бірнешеуі, қазіргі заңнамамен жылжымайтын мүлік деп танылған объектілерде қолданылады [19].

Жылжымайтын мүліктердің қатарына, көпжылдық екепелер де жатқызылған. Бұл жағдайда берілген объект айналымына байланысты бірнеше сұрақтар туындайды: көпжылдық екепелермен мәміле тіркеуін кім жүзеге асырады, берілген жағдайда құқық бекітуші құжат болып не саналыды? Азаматтық айналымда ерекше орын алатын және міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын объектілер әуе және теңіз кемелері, ішкі сауда жүзу кемесі, «өзен-теңіз» жүзу кемесі, ғарыштық объектілер де жылжымайтын заттарға теңестіріледі.

Жаңа техника жетістігіне байланысты, қазіргі жермен тығыз байланысып салынған үйлер, ғимараттар, орындарынан қозғалуы мүмкін. Осылайша қозғалатын кезде олар өз қалпын жоймайды және жылжымайтын мүлік қатарына жатады [18].


Жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу – мүлікке құқықты растайтын міндетті шарт. Сатып алу-сату шарты, айырбастау, мұрагерлік ету немесе жалға алу тұлғаның құқығын ешқандай растай алмайды бірақ, тіркеуге негіз болып табылады. Жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу мүліктің толыққанды иесі атану, тұлғаның алаяқтықтан қорғану және болашақта оған қатысты операцияларды кедергісіз орындау үшін қажет [20].

Жылжымайтын мүлікке белгілі бір орынмен тығыз байланысты нәрсенің бәрі жатады: жер телімдері, ғимараттар мен құрылыстар. Яғни, еш зарарсыз орнын ауыстыру қиынға түсетін нәрселер.

Сонымен бірге жылжымайтын мүлік бастапқы және кейінгі нысандар болып екіге бөлінеді. Бастапқы нысандарға ерекше атқарымдық мақсаты бар ғимараттар мен құрылыстар, қала құрылысының маңызды нысандары, ал екінші мәртеліктерге – жекелеген (бөлінген) құқық объектілері (бірінші мәртелік объектінің құрамына кіретін пәтерлер, жапсарылас салынған үй-жайлар, дүкендер мен офистер) жатады.

Біздің, яғни ҚР азаматтарының әрқайсысының жеке сәйкестендіру номері (ЖСН) және жеке куәлігі бар болатыны секілді, ел аумағындағы

жылжымайтын мүлік нысандарының да өзіндік бірегей нөмірі (кадастрлық нөмірі) және техникалық төлқұжаты болады. Электрондық үкімет порталының «Жылжымайтын мүлік» бөлімінен Жылжымайтын мүліктің кадастрлық номерін білуге және құқықтарды онлайн негізде тіркеуге өтінішті 5-суреттегідей негізде беруге болады.



5-сурет- EGov электронды үкімет порталы арқылы онлайн өтініш беру [19].

Жылжымайтын мүліктің толық сәйкестендіру сипаттамалары ретінде нысан туралы мәліметтерді танимыз:

-мекенжай және бар болған жағдайда мекенжайды тіркеу коды, (жылжымайтын мүлік нысанының мекенжайы мен мекенжайды тіркеу коды бойынша анықтаманы қалай алуға болады);

-жылжымайтын мүлік түрі;

-жылжымайтын мүліктің кадастрлық номері (жер теліміне қатысты кадастрлық ақпаратты білу);

-меншіктің түрі (жер телімінің қатыстылығы туралы ақпарат алу немесе құқықты бастапқы ұсынудың құқық белгілеуші құжаты туралы ақпарат алу);

-құрамдас бөліктер саны;

-жерлер санаты және олардың бөлінгіштігі;

-арнаулы мақсаты;

-қабаттылығы және ауданы (жалпы және пайдалы) [19].

Мүлікті жылжитын, жылжымайтын деп бөлу ең алғаш рет Римдіктердің құқықтық жүйесінде көрініс алған және бүгінгі құқықтық жүйелердің барлығында қолданылады.

Қазіргі құқықтық жүйеде жылжымайтын мүлік артынан арнайы құқықтық жүйе сақталған. Бұл арнайы құқықтық жүйе жылжымайтын мүлікке арнайы құқықтарды тіркеу болады. Кейбір құқықтарға шектеулер және

олардың жүзеге асуы әкімшілік бақылаулардан тұрады. Қазақстан Республикасының Заңдық негіздерінде жылжымайтын мүлік ұғымы заңды түрде түсіндірілген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 117-бабында жылжымайтын мүлікке теңестірілген объектілер әмбебап және бөліп айтарлықтай болмайды. ҚР Азаматтық кодексінің 117-бабында келтірілген түсінік, құқықтық объект ретінде қозғалмайтын затты дұрыс көрсетпеген. Заң «мүлік» ұғымының мәнін ашпайды және ол мүлік жылжымайтындарға тікелей қатысты. Аналогиялық көзқарасты ревалюцияға дейінгі орыс заңтанушылары да ұстанып: «заңды көзқараспен мүлік мағынасы бір жағынан, меншік құқығы негізінде тұлғаға тиесілі заттар жиынтығы және басқа заттық құқықтар күшінің жиынтығы десе, ал келесі бір жағынан - басқа тұлғаларға тиесілі заттар жиынтығы деген [20,21].

Қазақстанда қолданыстағы Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы 2007 жылғы №310 Заңына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу, жылжымайтын мүлікке мынадай құқықтарды құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеуге жатқызылады, олар:

- 1) меншік құқығы;
- 2) шаруашылық жүргізу құқығы;
- 3) оралымды басқару құқығы;
- 4) кемінде бір жыл мерзімге жер пайдалану құқығы;
- 5) үстемдікке ие жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына кемінде бір жыл мерзімге сервитуттар. Ал өзге де құқықтар құқық иеленушілердің қалауы бойынша тіркелуі мүмкін [16].

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу құқық иесінің, мәміле тараптарының (қатысушыларының), мемлекеттік органның (оның уәкілетті өкілінің) немесе өзге де уәкілетті адамдардың тіркеуші органға берген өтінішінің негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші (өтініш берушінің уәкілетті өкілі) өзінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге және мынадай құжаттарды:

- 1) белгіленген үлгідегі мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;
- 2) тіркеу объектісін растайтын құқық белгілейтін құжатты ұсынуға тиіс.

Жер учаскесіне құқықтарды (ауыртпалықтарды) тіркеген жағдайда, жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылады. Жылжымайтын мүлік кепілі шарттары бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға берген кезде құқықтарды (талаптарды) басқаға беру туралы шарт (активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарт) ұсынылады;

- 3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлегенін растайтын құжатты ұсынуға тиіс [22].

Шымкент қаласының жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша бөлімінің 2022-2023 жылдардағы атқарылған жұмыс туралы есебіне сай:

-2022 жылдың қорытындысы бойынша барлығы 1476 құқықтарды тіркеуге қатысты өтініш келіп түскен;

-2023 жылдың желтоқсан айындағы мәліметтерге көз жүгіртсек жалпы саны 1633 өтініш келіп түскен.

Қаланың 2022-2023 жж. құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша сандық мәліметтер 3-4 кестеде толықтырылып көрсетілген.

Кесте 3 - Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша 2022 жылдың атқарылған жұмыс есебі [3].

Есептік кезең	Барлық тіркеу саны	Құқықты электронды тіркеу	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тарулар саны		Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұрулар саны		Құқық белгілейтін құжаттың тел. нұсқасын беру
			Қағаз түрінде	электронды	Қағаз түрінде	электронды	
1	2	3	4	5	6	7	8
2022ж	1286	249	8	0	14	2	8

Қала бойынша 2022 жылы жалпы саны 1286 жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы өтініш келіп түскен. Оның ішінде: - 1087 өтініш қағаз жүзінде түссе; - 249 өтініш электронды тіркеуге келіп түскен. 2022 жыл бойынша құқықтарды тіркеу бойынша жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар, тіркеу бойынша сотқа түскен істер, заңбұзушылық тіркелмеген.

Кесте 4 - Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу бойынша 2023 жылдың атқарылған жұмыс есебі [3].

Есептік кезең	Барлық тіркеу саны	Құқықты электронды тіркеу	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуден бас тарулар саны		Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұрулар саны		Құқық белгілейтін құжаттың тел. нұсқасын беру
			Қағаз түрінде	электронды	Қағаз түрінде	Электронды	
1	2	3	4	5	6	7	8
2023 ж	1211	286	15	3	12	0	16

Қала бойынша 2023 жылы жалпы саны 1211 жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу туралы өтініш келіп түскен. Оның ішінде: - 925 өтініш қағаз жүзінде түссе, - 286 өтініш электронды тіркеуге келіп түскен. 2023 жыл бойынша құқықтарды тіркеу бойынша жеке және заңды тұлғалардан арыз-шағымдар, тіркеу бойынша сотқа түскен істер, заңбұзушылық тіркелмеген.

Жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша:

947 тұрғын үй арналған тіркеу бойынша өтініш тіркеліп, оның 8-ін тіркеуден бас тартқан;

31 өтініш тұрғын үйге арналмаған мақсатта тіркеліп, оның 7-ін тіркеуден бас тартқан;

Құқық қорғау және сот орындарының ауыртпалықтарын тіркеу (тиым салу) саны 0;

143 ауыртпалықтар (кепілдерді) тіркелген және оның 84-і кепіл бойынша тіркеуі тоқтатылған;

Барлығы 12 тіркеу тоқтатылып, 15-ін тіркеуден бас тартқан және қайтарылған өтініш жоқ.

Қалада мүлікті тіркеу және жылжымайтын мүлікке қатысты құқық бұзушылықтардың сотқа дейінгі жеткендері болмаған. Қала аумағында жеке және заңды тұлғалардың жерді заңсыз пайдалану, оның ішінде жерді басып алу, өзара келісім арқылы жерді пайдалану, сауда орындарында заңсыз орындарды иелену, заң бойынша жерлер үлесінен жанында орналасқан жерлерді заңсыз қоршап алу сияқты фактілер болған. Оларға жер инспекциясы тарапынан ескертулер берілген. Барлық ескерту берілген жер пайдаланушылар жерге қатысты құқықтарды және жапкершілік түрлеріне қатысты нормативті білмейтіндігі айқын білінеді. Жерді тиімді пайдалану мен құқықтық жағынан көмек беру мақсатында әрбір округ көлемінде жылына бір рет кеңес беру және құқықтарды тіркеу мен электронды түрде өтініш беруге қатысты мағлұматтар беру арқылы әлдеқайда жерге қатысты құқық бұзушылықтар саны азаяды.



6-сурет - Құқықтарды тіркеуге келіп түскен жылжымайтын мүлік түрлері

Қала тұрғындары жылжымайтын мүліктің 6-суретте көрсетілген түрлері бойынша жеке және заңды тұлғаларынан өтініштер келген.

Олардың ішінде:

1. Тұрғын үй үшін;
2. Сауда-саттық үшін;
3. Өндіріс және өнеркәсіп орындары үшін;
4. Қоймалар үшін;

5. Саяжай құрылысы үшін басым бөлігіндегі тіркеу туралы өтініштер осы ғимарттарды тіркеу үшін келіп түскен. Себебі аталған ғимараттар жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың жеке кәсіпшілігі мен басқа мақсаттары үшін айтарлықтай маңызды орынға ие объектілер болып есептеледі. Тіркеу құжаттары тұлғаның жеке өзі немесе нотариалды бекіткен тұлға түсіруі тиіс.


Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу барысында:

Тіркеудің біріздендірілген жүйесінде өте көп құжаттар жинамай өтініш тапсыруын;

Электронды өтініштерді берудің әлі де болса халыққа жеткілікті түрде нақты білмейтіндігін;

Жылжымайтын мүлікті тіркеу кезінде «бір терезе» қағидасы бойынша жүргізілуін;

Жылжымайтын мүліктің түрлері бойынша бірыңғай қолжетімді тіркелген объектілер туралы тұлғаларға база құрылуы мәселелерін шешу арқылы тіркеуші орган жұмысы әлдеқайда жеңіл, әрі біріздендіріледі. Қала бойынша құқықтарды тіркеу диаграммасы 7-суретте көрсетілген.



7-сурет - Құқықтарды тіркеу бойынша салыстырмалы көрсеткіштер, 2022-2023 жж [23].

7-сурет бойынша Қалада «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша мүлікке құқықты тіркеудің электронды жүгінуші тұлғалардың саны өсуде. Себебі EGov электронды үкімет порталы арқылы жүгіну әлдеқайда жеңіл әрі, үйден шықпай-ақ жұмыстарды атқаруға болады. Сонымен қатар жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру бөлімі де электронды түрде қазіргі «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕ АҚ арқылы жұмыс атқаруда. Электронды өтініш берудегі артықшылықтардың бірі құқықтардың автоматты

жүйеде аз уақыт ішінде тіркелуі, тұлғаның атында мәліметтердің бірыңғай базада көрінуі де қазіргі уақытта мүмкін болып отыр.

Республикалық, облыстық, Қаладық деңгейде біріздендірілген тіркеу жүйесі енгізілген жағдайда, ешқандай қиындықсыз статистикалық мәліметтер мен тіркеу жүйесі мен бюджетке түсетін шығындарды азайтуға болады.

3.2 Шымкент қаласының жылжымайтын мүлік нысандарын кадастрлық және нарықтық бағалау

Шымкент – Қазақстанның ең ірі қалаларының бірі және қарқынды дамып келе жатқан мегаполис. Қаладағы халық санының өсуі, урбанизация процесі және экономиканың дамуы жылжымайтын мүлік нарығының белсенділігіне тікелей әсер етеді. Шымкент қаласындағы жылжымайтын мүлік нарығы тұрғын үй, коммерциялық және өндірістік нысандардан тұрады.

Қалада құрылыс саласының дамуы жаңа тұрғын үйлер мен бизнес орталықтарының көптеп салынуына ықпал етуде. Сонымен қатар, кәсіпкерлік белсенділіктің артуы коммерциялық жылжымайтын мүлікке деген сұранысты өсіреді. Сауда орталықтары, кеңселер мен өндірістік ғимараттардың көбеюі экономикалық өсімді көрсетеді. Жер учаскелерінің бағасы да инфрақұрылымдық даму мен инвестициялық тартымдылыққа байланысты тұрақты түрде өзгеріп отырады.

Жылжымайтын мүлік нарығы тек экономикалық көрсеткіш қана емес, сонымен қатар халықтың әлеуметтік жағдайының индикаторы болып табылады. Шымкент қаласында баспанаға сұраныстың жоғары болуы тұрғын үй бағасының қымбаттауына алып келеді, ал мемлекеттік бағдарламалар халықтың қолжетімді баспана алуына мүмкіндік беруде. Осы тұрғыда, жылжымайтын мүлік нарығының тұрақты дамуы қала экономикасының және тұрғындардың өмір сапасының жақсаруына үлкен әсерін тигізеді.

Жылжымайтын мүлік нысандарын бағалау жүйесі кез келген қала экономикасында маңызды орын алады. Бағалаудың екі негізгі түрі бар: кадастрлық бағалау және нарықтық бағалау.

Кадастрлық бағалау – мемлекеттік органдар жүргізетін ресми бағалау түрі. Ол негізінен салық салу, жер учаскелерін есепке алу және мемлекеттік бағдарламалар үшін қажет. Кадастрлық бағалау жылжымайтын мүліктің орналасқан жеріне, ауданына, мақсатына және инфрақұрылымдық жағдайына байланысты белгіленеді. Бұл жүйе мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға көмектеседі және жер мен мүлікке қатысты заңнамалық негізде жүргізіледі [27].

Нарықтық бағалау – жылжымайтын мүліктің нақты нарықтағы сұраныс пен ұсынысқа байланысты құнын анықтау процесі. Бұл бағалау әдісі мүлікті сатып алу, сату, жалға беру немесе кепілге қою кезінде үлкен рөл атқарады. Нарықтық бағалау барысында орналасқан жер, инфрақұрылым,

жылжымайтын мүліктің жағдайы, құрылыс сапасы, бәсекелестік ортасы және макроэкономикалық факторлар ескеріледі.

Кадастрлық және нарықтық бағалаудың маңызы жоғары, себебі олар жылжымайтын мүлік нарығының тұрақтылығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Кадастрлық бағалау негізінде мемлекет салық мөлшерін белгілейді, ал нарықтық бағалау арқылы азаматтар мен кәсіпкерлер өз мүлкінің әділ құнын біле алады. Екі бағалау әдісі де инвестициялық шешімдер қабылдау, құрылыс саласын дамыту және урбанизацияны тиімді басқару үшін қажет.

Жер телімі мен жылжымайтын мүлікті бағалауды салыстырудың 5-кестеде көрсетілгендей екі түрі ажыратылады.

Кесте 5 - Кадастрлық және нарықтық құнды салыстырмалы талдау [19].

<i>Нарықтық баға</i>	<i>Кадастрлық баға</i>
Ең ықтимал баға	Белгіленген құн
Процесс көрсетілмеген	Жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау процесі
Бағалау объектісі бәсекелестік жағдайында ашық нарықта бағалау күніне иеліктен шығарылуы мүмкін, яғни бағалау объектісі ашық нарықта ұқсас бағалау объектілері үшін типтік жария (оферта) арқылы ұсынылуы мүмкін.	Ашық нарықта қатысып отырған жылжымайтын мүлік объектілері үшін де, нарықта шектелген жылжымайтын мүлік объектілері үшін де айқындалады.
Бағалаушы бағалау стандарттарына сәйкес бағалау объектісін бағалауды жүргізу әдістерін дербес қолдануға құқылы.	Негізгі әдіс – бағалау тәсілдерінің негізінде құнды модельдеудің математикалық және өзге де әдістері қолданылатын ұқсас сипаттамалары бар бағалау объектілерін топтастыру кезінде құнды айқындау процесі. Негізгі әдісті қолдану мүмкін болмаған жағдайда бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес нақты жылжымайтын мүлік объектісі үшін жеке айқындалған нарықтық құн пайдаланылады.

Кадастрлық құнын қайта қарау туралы өтініш беру мақсаттары үшін жер учаскесінің нарықтық құны жер учаскесінің кадастрлық құны белгіленген күнгі жағдай бойынша айқындалады.

Өтінішті қарау кезінде комиссия қарауға ұсынылған құжаттарды олардың көрсетілген мәліметтердің дұрыс еместігін растауы тұрғысынан зерттейді.

Шымкент қаласындағы кадастрлық бағалау келесі параметрлерге негізделеді:

1) Жер учаскесінің орналасқан жері (орталық аудандардағы бағалар шеткі аймақтарға қарағанда жоғары болады).

2) Жердің мақсаты (тұрғын үй, коммерциялық, өндірістік және ауыл шаруашылығы жерлері).

3) Инфрақұрылым (көлік қатынасы, инженерлік желілер, әлеуметтік нысандар).

4) Жердің сапалық сипаттамалары (рельеф, топырақтың құнарлылығы, экологиялық жағдайы).

Шымкент қаласында тұрғын үйге арналған жер учаскелерінің кадастрлық бағасы нарықтық бағамен салыстырғанда біршама төмен. Себебі, кадастрлық бағалау мемлекеттік реттеуге бағынышты және ұзақ мерзімді құн көрсеткішін анықтауға бағытталған.

Нарықтық бағалау ұғымы және оның кадастрлық бағалаудан айырмашылығы

Нарықтық бағалау – жылжымайтын мүлік объектісінің нақты сатылым немесе жалға алу нарығындағы құнын анықтау процесі. Бұл бағалау әдісі нарықтық сұраныс пен ұсыныс, инфрақұрылымдық даму, экономикалық жағдай және басқа да факторларға негізделеді (6-кесте).

Кесте 6-Кадастрлық бағалау мен нарықтық бағалаудың айырмашылықтары

Көрсеткіш	Кадастрлық бағалау	Нарықтық бағалау
Мақсаты	Мемлекеттік реттеу, салық салу, заңды тіркеу	Мүлікті сату, жалға беру, кепілге қою
Бағалау әдісі	Мемлекеттік бекітілген формуламен	Нақты нарықтық жағдайға байланысты
Құны	Тұрақты, сирек өзгереді	Нарыққа байланысты өзгеріп отырады
Кім жүргізеді?	Мемлекеттік органдар	Тәуелсіз бағалаушылар, риэлторлар

Бағалау факторлары

Нарықтық бағалау кезінде жылжымайтын мүліктің құнына әсер ететін негізгі факторлар:


1) Орналасқан жері – орталық аудандардағы мүлік бағасы шеткі аймақтарға қарағанда қымбатырақ.

2) Инфрақұрылым – мектептер, ауруханалар, сауда орталықтары жақын орналасқан мүліктің құны жоғары.

3) Сұраныс пен ұсыныс – жылжымайтын мүлікке деген сұраныстың артуы бағалардың көтерілуіне алып келеді.

4) Заңнамалық шектеулер – жерді пайдалану ережелері, құрылыс нормалары және салықтық реттеулер бағаға әсер етеді.

сурете осы аудандар шегінде жылжымайтын мүлікті нарықтық сатудың орташа мәндері көрсетілген.



10-сурет - Қаланың аудандар бойынша орта нарықтық бағасы [29].

Суреттен көріп отырғанымыздай баға шеткі аудандарда төмен ал орталық бөлікке қарай бағаның сәл жоғары екендігін байқауымызға болады. Алайда Шымкент Республикалық маңызы бар қала қатарына қосылған соң жылжымайтын мүлік нысандарында бағаның төмендеуі байқалады (7-кесте).

Кесте 7 - Шымкент қаласындағы жылжымайтын мүліктің (соның ішінде, тұрғын үй) аудандар бойынша нарықтық бағасының орташа көрсеткіші, тенге*

№	Аудандар атауы	Жылжымайтын мүліктің орташа нарықтық бағасы, млн.тг
1	Әл-Фараби ауданы	23,16
2	Абай ауданы	20,97
3	Еңбекші ауданы	12,00
4	Қаратау ауданы	10,00
5	Тұран ауданы	10,17

*- <https://krisha.kz/> сайтына пайдалана отырып, автормен жасалған

Кестедегі баға көрсеткіштері 1-4 бөлмелі пәтерлер мен оларды сатуың орташа мәні бойынша жасалынды. Ал төмендегі 11-суретте крышка.кз сайтының қалаға орташа мәнді мүліктің сатылу орташа құны бағасын шығарған.



11-сурет - Шымкент қаласы қазан-қаңтар-сәуір айлары бойынша жылжымайтын мүліктің метрге шаққанда сату құны динамикасы [29].

Жылжымайтын мүліктің ішінде пәтердің нарықтық бағасын есептеу мақсатында (8-кесте) мысал келтірейік.

Кесте 8 - Бағалау объектісінің мәліметі

Бағалау объектісі:	Үш бөлмелі пәтер
Объект орналасқан орны :	Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Республика даңғылы 2, 15а үй,
Құн түрі:	Нарық құны
Бағалау мақсаты:	Сату/сатып алу шарты
Бағалау күні:	09 сәуір 2025 жыл
Объектіні қарау күні:	09 сәуір 2025 жыл
Бағалау құқығы:	Меншік
Салынған жылы:	1969
Ағымдағы қолдану:	тұрғын
Үй қабаттылығы	5

Ең алдымен, салыстырмалы тәсіл арқылы бағаланатын объектіге ұқсас аналог объектілердің (10-кесте) мәліметтері қарастырылып салыстырылады. Пәтердің бұл тәсілмен бағасын анықтау мақсатында түзету көрсеткіштері (9-кесте) енгізіледі.

Кесте 9 - Салыстыру тәсілі бойынша пәтер мен аналогтарына сипаттама

Салыстыру сипаттамалары	Бағаланып жатқан объект	1-ші аналог	2-ші аналог	3-ші аналог
Тағайындалған объект	Бір бөлмелі пәтер	Бір бөлмелі пәтер	Бір бөлмелі пәтер	Бір бөлмелі пәтер
Аудан	Әл-Фараби	Әл-Фараби	Әл-Фараби	Әл-Фараби
Мекен-жайы	Респбулика даңғылы, 15а үй	Респбулика даңғылы, 19а үй	Респбулика даңғылы, 16 үй	Респбулика даңғылы, 17 үй
Сату бағасы		20 000000	16 800000	16 800000
Жалпы аумағы, кв.м	60	45,3	42	48
1 кв.м Бағасы	375000 (орта)	441500	400000	350000
Меншік құқығы	меншік	меншік	меншік	меншік
Қаржыландыру шарты	нарықтық	нарықтық	нарықтық	Нарықтық
сату/ұсыну шарты	сату	сату	сату	сату
Нарық шарты (сату/ұсыну уақыты)	09 сәуір	09 сәуір	09 сәуір	09 сәуір
мекен -жай тартымдылығы	орташа	орташа	орташа	орташа
Транспорт қол жетімділігі	жақсы	жақсы	жақсы	жақсы
Салынған жылы	1969 ж.	1969 ж	1965 ж	1970 ж
Қабырға материалы	Панель	Панель	Панель	Панель
бөлме биіктігі	2,6	2,6	2,6	2,6
Тұрғын аудан, кв.м	18	18	18	18
Этаж/этаждық	3/5	1/5	4/5	1/5
Ас үй ауданы , кв.м	5	5,3	5	6
лоджия/балкон	бар	жоқ	бар	жоқ
Планировка	бар	жоқ	жоқ	жоқ
Әрленуі	жақсы	жақсы	жақсы	жақсы

Сонымен, тұрғын үйдің салыстырмалы әдіспен анықталған құны:

$$C = \text{жалпы аудан} \cdot \text{ш.м. орташа құны} [30].$$

$$C = 60 \cdot 375000 = 22\,500\,000 \text{ теңге}$$

Салыстырмалы әдіс бойынша жылжымайтын мүлік құнын бағалау тиімді болып табылады. Салыстырмалы әдіс бойынша жылжымайтын мүлік құнын бағалау барысында бағаланатын объектінің ұқсас болатын аналогтарымен салыстыру және ажыратылатынына байланысты түзетілімдер енгізіледі. Жоғарыдағы формула бойынша тұрғын үйдің салыстырмалы әдіспен құны анықталады.

Шығындық тәсілмен бағалау

Бұл әдістің басты артықшылығы, белсеңділігі аз нарықтарда жылжымайтын мүліктің азды-көпті анық баға беру болып табылады. Әдістің негізінде ауыстыру қағидасы жатады, оған сәйкес жылжымайтын мүліктің максималды құны пайдалығы жағынан ұқсас болып келетін, басқа объектісін сатып алудың ең аз бағасынан асып кетпеуі тиіс.

Құнды бағалауда негізгі кезеңдер шығынды әдіспен анықталады. Орнын басудың құны немесе жылжымайтын мүліктің объектінің құнының қалпына келтіруін есептеу арқылы жүргізіледі.

Тозудың барлық түрлерін анықтау: (моралдік) физикалық, функционалдық, (экономикалық) сыртқы.

Объектінің қорытынды құнының есептеуі.

Пәтердің құнын бағалағанда мына 1 және 2 формулалармен анықталады, бірінші жағдайларда бағалар 1 шаршы құннан базистік метр шамасында сүйене өрнектеледі, екінші жағдайда - пәтер 1 шаршы.м. орташа құн өлке бойынша есептеледі.

$$CT_3 = CT_6 \cdot S \cdot K_{\text{физ}} \cdot K_{\text{рас}} \cdot K_{\text{эт}} \cdot K_{\text{бл}} \cdot K_{\text{от}} \cdot K_{\text{пл}} \cdot K_{\text{уг}} \cdot K_{\text{иф}} \cdot K_{\text{уг}} \quad (1),$$

$$CT_3 = CT_{\text{пр}} \cdot S \cdot K_{\text{ст}} \cdot K_{\text{физ}} \cdot K_{\text{рас}} \cdot K_{\text{эт}} \cdot K_{\text{бл}} \cdot K_{\text{от}} \cdot K_{\text{пл}} \cdot K_{\text{выс}} \cdot K_{\text{уг}} \quad (2).$$

Шығын әдісі ғимараттың қалпына келу құнынан тозуды шегерген бағасын көрсетеді. Шығын әдісімен объектіні бағалау үшін алдымен объектінің жиынтық тозуға құрастырымдық элементті тозуын үлесі есептеу қажет (3,8-кесте).

Шымкент қаласы бойынша пәтердің 1 ш. м. = 900 (\$ АҚШ)

Пәтердің құнын бағалағанда бағалар 1 шаршы құннан базистік метр шамасында сүйене өрнектеу арқылы есептейік.

$$CT_3 = CT_6 \cdot S \cdot K_{\text{физ}} \cdot K_{\text{рас}} \cdot K_{\text{эт}} \cdot K_{\text{бл}} \cdot K_{\text{от}} \cdot K_{\text{пл}} \cdot K_{\text{уг}} \cdot K_{\text{иф}} \cdot K_{\text{уг}}$$

Бағаланатын бөлменің құнын осы формуланы қолдана отырып есептейміз.

Шығындық амалды сатып алу-сату немесе жалға алу нарығы шектеулі болып табылатын жылжымайтын мүлікке бағалау жүргізу үшін жүргізіледі. Шығындық амалды қолдану уақытында бағалау рәсімдерін жүргізу үшін пайдаланылатын ақпарат осы жылжымайтын мүлікті немесе осы тектес жылжымайтын мүлікті мердігердің табысын ескере отырып, қазіргі заманғы жағдайда жасауға жұмсалатын шығындар туралы нарықтық деректерге жауап беруі тиіс.

Кесте 10 - Шығындық тәсіл үшін көрсеткіштер

№	Түзету коэффициенттерінің аты	Көрсеткіштер
1	СТпр. –статистикалық мәліметтердің негізі немесе жылжымайтын мүліктің нарығының зерттеуінің негіз алған зерттелетін пәтерлер орналастырылу орнымен тұрғын-үйдің бірлігінің орташа құнының мәлімет қолданылған- пәтерлер бір квадрат метрінің құны.	800,0
2	S – пәтердің пайдалы ауданы	60
3	Кст – егер қабырғалардың материалы тұрғын үйдің құрылыс құралымдарының түрлерінен айырмашылығы болса қабырғалардың материал есепке алатын коэффициент	1,1
4	Кфиз -нақты күйіне байланысты физикалық тозуды коэффициент	0,7
5	Крас - экологиялық тартымдылықты, мәртебелілік алуымен тұрғын үйдің орналастырылуына байланысты қолданылған коэффициент	1,0
6	Кэт -қабаттылықтың коэффициенті,	1,1
7	Кбл –оның бөлмелердің көркеюін деңгей және инженерлік-техникалық құрылымдарымен қамтамасыз ету есепке алатын коэффициент.	1,0
8	Кот –ғимараттың бөлмелерінің ішкі әрлеу,өңдеу жұмыстардың сапасына байланысты және іргелі жөндеуді өткізуді уақытын есепке алатын коэффициент .	
9	Кпл – зерттелетін пәтердің құрылыс шешімдерінің ерекшелігін есепке алатын коэффициент.	1,1
10	Квыс-тұрғын үй пәтердің биіктігін есепке алатын коэффициент .	1,0
11	К уг. – егер пәтер бұрыштық болып табылса, немесе кесік онда 0, 95-ші коэффициентті қолданылады, басқа жағдайда Куг=1 қабылданады.	1,0

$СТз = 800 \cdot 60 \cdot 1,1 \cdot 0,7 \cdot 1,0 \cdot 1,1 \cdot 1,0 \cdot 1,1 \cdot 1,0 \cdot 1,0 = 44721,6$ АҚШ доллар (2)

Шығын әдісі ғимараттың құны 44721,6 АҚШ доллар немесе 22 360 800 теңге көрсеткішін көрсетіп отыр, яғни бұл жылжымайтын мүлік үшін кеткен шығындар болып табылады. Қазіргі уақытта доллар бағамы орташа 500 теңге.

Табыс тәсілмен бағалау

Бағаланатын объектіні табыс әдісімен бағалағанда, табыстардың тікелей капиталдандыру әдісі қолданылады, себебі үйден алынатын табыс тұрақты, және жалгерлік төлем түрінде келтірілген.

Тікелей капиталдандыру тәсілі кезінде жылжымайтын мүлік объектісінің құны мынадай формула бойынша есептелінеді:

$$Ж_6 = \frac{Ж_Т}{К_к} \quad (3) \quad \text{және} \quad Ж_Т = Т_Т - Т_ш - О_ш \quad (4),$$

жылжымайтын мүліктің бағасы

Мұндағы:

$Ж_6$ – жылжымайтын мүлік бағасы;

$Ж_Т$ – жылдық таза операциялық табыс;

$К_к$ – капиталдандыру коэффициенті;

$Т_Т$ – таза табыс;

$Т_ш$ – тұрақты шығын;

$О_ш$ – операциялық шығын.

Салық базасы Салық Кодексінің 408-бабына сәйкес айқындалатын жеке тұлғалардың мүлік салығы салық салу объектілерінің құны 14 000 000 теңгеден жоғары 16 000 000 теңгеге дейін қоса алғанда салынатын салық мөлшері: 22600 теңге + 14 000 000 теңгеден асатын сомадан 0,35 пайыз [28].

Яғни, жоғарыдағы екі тәсілмен есептегенде бағаланып жатырған объектінің орташа нарықтық бағасы 17 000 000 теңге деп есептеген кезде, мүлікке салынатын салық:

$$\text{Мүлік салығы} = 22600 + (15000000 \cdot 0,35) / 100 = 75100 \text{ теңге},$$

Пәтерді жалдау ақысы айына 70000 теңге,

$$Ж_Т = 70000 \cdot 12 \text{ ай} = 840000 \text{ теңге (11-кесте). Жылдық таза операциялық табыс}$$

Кесте 11 - Табыстық тәсілге қорытынды кесте

Көрсеткіштер атауы	Мағынасы
Потенциалдық жалпы жылдық табыс	840000 тг
Операциялық шығындар, соның ішінде:	12000 тг
Арендалық төлемдер	0 тг
Мүлік салығы	75100 тг
Сақтандыру	0 тг
Таза операциялық табыс	752900 тг
Капитализация коэффициенті	5 %
Нарықтық бағасы	35842 \$

$$Ж_6 = \frac{840000 - 75100 - 12000}{5\%} = 17\,921\,000 \text{ теңге};$$

Табыстық тәсіл бойынша Республика даңғылындағы 3 бөлмелі пәтердің нарықтық құны 15 058 000 теңгені құрап отыр.

Осы үш тәсілдің көрсеткіштерін салыстырып, 12-кесте арқылы қорытындылауға келуге болады.

Кесте 12 - Бағаланатын объектінің орташа өлшенген құны

Атауы	Бағалау әдістері бойынша құны			Бағалау құны
	Шығындық тәсіл	Салыстырмалы тәсіл	Кірістік тәсіл	
<i>Шымкент, Республика даңғылы 15үй</i>	44721,6 АҚШ доллары немесе 22 360 800 теңге.	45000 АҚШ доллар немесе 22 500000 теңге.	35 842 АҚШ доллар немесе 17 921000 теңге	41854,3 АҚШ доллар немесе 20 927 166 теңге.

Бірінші кезеңде зерттелетін жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құны анықталады. Екіншісінде - сату мақсатында және оны нарықтық құн мәніне енгізу үшін *түзету шамасы* есептеледі, яғни нарықтық құн нарықтық емес шарттарына түзетіледі.

Салыстырмалы әдісті жылжымайтын мүлік нарығына қатысты қолдану орынды болып келеді, себебі баға таңдалған тұрғын үй типінің сатулар бағаларының деңгейінде орнатылады.

Сонымен, тұрғын үйдің нарықтық құны, бағалау күнінде түзетілімдерді есепке ала отырып, 41 854 АҚШ доллар немесе 20 927 166 теңге құрайды.

Төмендегі 13-кестеде Шымкент қаласы аудандары бойынша жылжымайтын мүліктің салыстырмалы бағасы бойынша көрсеткіштерін көруімізге болады.

Кесте 13 - Шымкент қаласындағы жер учаскесінің аудандар бойынша кадастрлық және нарықтық бағасының орташа көрсеткіші, теңге*

№	Аудандар атауы	Кадастрлық бағасы, млн. тг	Нарықтық бағасы, млн. тг
1	Әл-Фараби ауданы	6,60	25,33
2	Абай ауданы	8,30	30,5
3	Еңбекші ауданы	3,97	19,51
4	Қаратау ауданы	859	11,33
5	Тұран ауданы	3,56	13,17

* - <https://krisha.kz/> сайтын пайдалана отырып, автормен жасалған

Жоғарыдағы 13-кесте бойынша Шымкент қаласындағы аудандар бойынша жер учаскелерінің кадастрлық бағасы салыстырмалы деңгейде көрсетілген болатын. Жоғарыда көрсетілген диаграммаға талдау жүргізе келе: Абай, әл-Фараби аудандарындағы жер телімдерінің кадастрлық бағасы басқа аудандармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары екендігін байқауға болады. Ал қалған 3 аудан кадастрлық және нарықтық құны бойынша да бағалары салыстырмалы түрде төмен екендігі байқалады.

Нақты мысал ретінде біз төмендегі көрсетілген 4 тұрғын үйдің кадастрлық

бағасын есептейміз. Ол үшін бізге мына формула қажет болады:

Кадастрлық құнды ($K_{\text{кадастрлық}}$) есептеу үшін келесідей мәліметтер қажет:

- жер учаскесінің ауданы (S)
- жер учаскесі үшін төлемақының *базалық ставкасы* ($B_{\text{ставка}}$)
- түзету коэффициенті (K).

$$K_{\text{кадастрлық}} = S \cdot B_{\text{ставка}} \cdot K$$

Яғни бізге Шымкент қаласының жер учаскесіне және оған қолданылатын базалық ставка мөлшерлемесін білу қажет. Шымкент қаласы аумағында кадастрлық (бағалау) құнын белгілеу үшін бағалау аймақтарының шекаралары мен түзету коэффициенттері бекіту туралы маслихат шешімінде қала 4 зонаға бөлінген және әл-Фараби даңғылы 1 зонаға жатады – түзету коэффициенті 2ге тең. Ал базалық ставка бойынша Шымкент қаласында жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 515 және Шымкент қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 14/122-VII бірлескен қаулысы мен шешіміне сай базалық ставка – 2512 теңгеге тең. Яғни:

Елді мекен жері бойынша

Орналасқан жері – Шымкент қаласы, Республика даңғылы 15а үй

Базалық ставка – 2512 теңге (1 шаршы метрдың бағасы)

Ауданы – 60 м²

жер учаскесі орналасқан бағалау аймағының (зоначының) номері – 1

Түзету коэффициенті (1 зона бойынша) – 2.

$K_{\text{кадастрлық}} = 2512 \cdot 60 \cdot 2 = 301440$ теңге.

Есепке сай 4 нысанның да орналасқан жері бірдей болғандықтан кадастрлық құны орташа бірдей көлемде болады. Тек ауданы (көлем) бойынша ғана айырмашылық жасауы мүмкін.

Кадастрлық және нарықтық бағалау жүйелері өзара тығыз байланыста болғанымен, олардың арасындағы айырмашылықтар айқын байқалады. Кадастрлық бағалау негізінен салық салу мен мемлекеттік реттеу үшін қолданылса, нарықтық бағалау нақты сұраныс пен ұсынысқа сәйкес икемді түрде өзгеріп отырады. Жер учаскелері, тұрғын үйлер және коммерциялық нысандар бағасына инфрақұрылым, орналасқан жері, экономикалық жағдай мен заңнамалық реттеулер айтарлықтай әсер етеді.

3.3 Шымкент қаласы жерлерін бағалық аймақтарға бөлу

Шымкент қаласында жер учаскелерін бағалық аймақтарға бөлу – жердің орналасуына, инфрақұрылымына, пайдаланылу мақсатына және нарықтық сұранысына байланысты жүргізілетін процесс. Бұл бөлу жылжымайтын мүлік

нарығын реттеуге, салық мөлшерін анықтауға және инвестициялық тартымдылықты бағалауға көмектеседі. Жердің бағасы аймақтық ерекшеліктерге қарай өзгеріп отырады және бұл көрсеткіш экономикалық даму, халық санының өсуі және мемлекеттік бағдарламалар негізінде тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Бағалық аймақтарға бөлу критерийлері

Шымкент қаласындағы жер учаскелерін бағалық аймақтарға бөлу кезінде келесі негізгі факторлар ескеріледі:

1. Орналасқан жері – қаланың орталық аудандарындағы жерлер шеткі аймақтарға қарағанда қымбатырақ. Орталықта орналасқан коммерциялық және тұрғын үй мақсатындағы жер учаскелері инвестициялық тартымдылыққа ие, сондықтан олардың құны жоғары болады.


2. Инфрақұрылым деңгейі – жолдардың сапасы, инженерлік желілердің (газ, су, жарық, кәріз жүйесі) қолжетімділігі, көлік қатынасы маңызды рөл атқарады. Дамыған инфрақұрылымы бар аудандарда жер бағасы жоғары, ал инженерлік желілері толық тартылмаған аймақтарда баға төмен болады.

3. Жердің мақсатты пайдаланылуы – тұрғын үй, коммерциялық, өндірістік немесе ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер әртүрлі бағаланады. Мысалы, коммерциялық мақсаттағы жер учаскелері тұрғын үйге қарағанда қымбатырақ, себебі олар бизнесті дамытуға қолайлы.

4. Сұраныс пен ұсыныс – халық тығыз орналасқан аудандарда сұраныс жоғары болғандықтан, жер бағасы да қымбат болады. Әсіресе орталық аудандардағы тұрғын үй кешендері мен коммерциялық нысандардың орналасу тығыздығы жер бағасының қалыптасуына әсер етеді.

5. Экологиялық жағдай – экологиялық таза аудандарда жер учаскелері жоғары бағаланады. Қаланың өнеркәсіптік аймақтарында немесе үлкен жолдардың бойында орналасқан жерлер арзанырақ, себебі олар экологиялық тұрғыдан қолайсыз болып саналады.

Шымкент қаласындағы жерлер бірнеше негізгі бағалық аймақтарға бөлінеді (12-сурет):



12-сурет - Шымкент қаласын зоналарға бөлу сызба картасы [24].

1. Орталық аймақ

Бұл аймақ Шымкенттің ең қымбат және сұранысқа ие бөлігі болып саналады. Мұнда әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, ірі бизнес нысандары мен элиталық тұрғын үйлер орналасқан.

Негізгі аудандар: Қала әкімдігі маңы, Арбат, Республика даңғылы, Түркістан көшесі.

Бағасы: 1 сотық жердің орташа құны 10–20 млн теңге.

Артықшылықтары: Дамыған инфрақұрылым, бизнеске қолайлы орта, орталық көлік магистральдары.

Кемшіліктері: Жоғары баға, халықтың тығыз орналасуы, тұрақ орындарының тапшылығы.

2. Орташа бағалық аймақ

Бұл аймақтарда тұрғын үйлер, орта деңгейдегі бизнес орталықтары мен шағын кәсіпорындар орналасқан. Инфрақұрылымы біршама дамыған, алайда орталыққа қарағанда бағасы қолжетімді.

Негізгі аудандар: Тұран, Нұрсат, Қайтпас-1, Асар, 8-мөлтек аудан.

Бағасы: 1 сотық жер 5–10 млн теңге аралығында.

Артықшылықтары: Жақсы инфрақұрылым, қолжетімді баға, дамып келе жатқан аудандар.

Кемшіліктері: Кей жерлерде инженерлік желілер толық тартылмаған.

3. Шеткі және агроөнеркәсіптік аймақтар

Бұл аймақтарға қала шетіндегі тұрғын үй кешендері, ауыл шаруашылығы жерлері және өндірістік аймақтар жатады. Бұл аудандар инфрақұрылымның толық дамымауына байланысты төмен бағамен ерекшеленеді.

Негізгі аудандар: Достық, Қайнарбұлақ, Сайрам, Жаңаталап, Қызылсу, Бозарық.

Бағасы: 1 сотық жер 1–5 млн теңге аралығында.

Артықшылықтары: Үлкен жер телімдерін сатып алу мүмкіндігі, жаңа құрылысқа ыңғайлы.

Кемшіліктері: Көлік қатынасы әлсіз, кейбір аймақтарда газ бен су жүйесі жетіспейді.

Бағалық аймақтарға бөлудің маңыздылығы

Шымкент қаласында жерлерді бағалық аймақтарға бөлу экономикалық, инвестициялық және әкімшілік тұрғыдан үлкен маңызға ие. Бұл жүйе:

Салық мөлшерін нақты белгілеуге көмектеседі, себебі жердің құнына байланысты төлемдер реттеледі.

Жер ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, әсіресе инвестициялық жобаларды жоспарлау кезінде.

Қаланың инфрақұрылымын дамытуға әсер етеді, себебі бағалық аймақтарға қарай мемлекет қажетті инвестицияларды бағыттай алады.

14-кестеден біз Шымкент қаласы бойынша 2010 және 2024 жылдар бойынша тұрғын үйлер құнының қалай өзгеріске ұшырағандығын, соңғы жылдары бос жер учаскесі қала бойынша қалмағандығын, тұрғын үй бағасы өсуі мен пәтер жалдау құнының өскендігін байқауымызға болады.

Кесте 14 – Шымкент қаласы бойынша жылжымайтын мүлік құнының өзгеруі 2010-2024 жж. аралығы

жылдар	пәтерТ/м²	Ескі Т/м² Жаңа Тұрғын үй	Жер үйТ	босжерТ/ сотка	1-бөлмелі пәтер 2-бөлмелі пәтер жалдау құндары.Т/айына
2010	114 035	117 145 48 783	13 059 731	552 736	70 000
2011	141 447	142 807 49 700	16 672 586	447 076	40 417 60 425
2012	135 771	135 834 104 873	21 466 514	640 406	44 639 67 025
2013	148 868	148 781 142 609	23 845 209	986 534	52 218 70 405
2014	186 747	185 386 224 011	31 582 909	706 286	55 832 77 155
2015	227 371	228 127 230 678	23 552 098	1 505 856	36 250 58 886
2016	272 536	269 989 311 089	26 546 600	2 093 107	37 250 48 530
2017	238 359	237 596 256 230	19 806 844	7 903 173	41 056 57 906
2018	188 185	189 323	19 718 566	24 044 280	60 000 45 000
2019	211 923	211 923	16 496 882	12 466 389	50 000
2020	252 529	252 529	34 263 611	2 670 745	
2021	328 867	328 867	24 984 000	3 714 286	110 000
2022	313 398	313 398		514 286	
2023	342 189	342 189		1 000 000	
2024	342 189	342 189		1 000 000	

* Krisha.kz қосымшасы арқылы бағалар қаралды

Шымкент қаласының жерлері орналасқан орны, инфрақұрылымы, нарықтық сұраныс және экологиялық жағдайларына байланысты бірнеше бағалық аймақтарға бөлінеді. Орталық аудандарда бағалар ең жоғары болса, шеткі аймақтар мен ауыл шаруашылығы жерлері қолжетімді болып саналады. Бағалық аймақтарға бөлу жүйесін жетілдіру және жер кадастры мәліметтерін жаңарту қаланың экономикалық дамуына, жылжымайтын мүлік нарығының тұрақтылығына және инвесторлар үшін тартымдылықтың артуына ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмысты қорыта келе, Шымкент қаласында жер және жылжымайтын мүліктің кадастрлық және нарықтық бағасына салыстырмалы талдау жасалынды. Шымкент – Қазақстанның ең ірі және қарқынды дамып келе жатқан мегаполистерінің бірі, республикадағы халық саны жағынан үшінші қала болып табылады. Сондықтан бұл аймақтағы жер және жылжымайтын мүлік бағалау жүйесін зерттеу өзекті мәселе болып отыр.

Зерттеу барысында Шымкент қаласындағы жылжымайтын мүліктің кадастрлық және нарықтық бағалары арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар екені анықталды. Қазіргі қолданыстағы бағалау жүйесі негізінен "жерді нормативтік бағалау" әдісіне сүйенеді. Бұл әдіс жер учаскелерінің бағасын есептеу кезінде алаңды, түзету коэффициенттерін және базалық ставкасын көбейту жолымен анықтайды. Алайда, бұл әдістің кемшілігі – нақты нарықтық жағдайларды, сұраныс пен ұсынысты, инфрақұрылымдық дамуды және экономикалық өзгерістерді толық ескермейді.

Дипломдық жұмыста Шымкент қаласының бірнеше аудандарындағы жер учаскелерінің кадастрлық бағасы нормативтік әдіс негізінде есептелді. Талдау нәтижесінде кадастрлық бағасы жоғары аудандардың бірі ретінде Әл-Фараби ауданы көш бастаса, төмен бағаланған аудандардың қатарына Қаратау және Тұран аудандары кірді. Сонымен қатар, нарықтық бағалаудың кадастрлық бағадан бірнеше есе жоғары екені анықталды. Бұл жағдай жер және жылжымайтын мүлік нарығының нақты экономикалық факторларға тәуелділігін және мемлекеттік бағалау әдістерінің жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді.

Шымкент қаласында нарықтық экономикаға көшумен бірге жер және мүлікті бағалау жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алуда. Соңғы жылдары қабылданған заңдар мен нормативтік актілерге қарамастан, қаладағы жылжымайтын мүлік бағалау жүйесін жетілдіру қажеттілігі байқалып отыр. Қазіргі таңда бағалаудың шығындық, кірістік және салыстырмалы әдістері толыққанды қолданылмайды, бұл нарықтық бағалау нәтижелерінің дәлдігін төмендетеді. Шымкент қаласының дамуы мен инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін бағалау әдістерінің жетілдірілуі маңызды фактор болып табылады.

Нарықтық талдау нәтижесінде жер мен жылжымайтын мүлік бағасының өсуіне әсер ететін негізгі факторлар анықталды. Олардың қатарына қаланың инфрақұрылымының дамуы, көлік логистикасының жақсаруы, халық санының артуы, коммерциялық және тұрғын үй құрылысының өсуі жатады. Әсіресе орталық аудандардағы коммерциялық нысандардың бағасы жыл сайын тұрақты түрде өсіп отырады, ал шеткі аймақтарда инфрақұрылымға тәуелділік жоғары.

Осы зерттеу нәтижелерін ескере отырып, болашақта жер және жылжымайтын мүлікті бағалаудың тиімділігін арттыру үшін келесі ұсыныстар жасалады:

Бағалаудың барлық үш әдісін – салыстырмалы, кірістік және шығындық тәсілдерді кешенді түрде қолдану. Бұл жер учаскелерінің нақты нарықтық бағасына барынша жақын әділ бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

Жер кадастрын цифрландыру және бағалау жүйесін автоматтандыру. Сандық жүйеге негізделген бағалау адам факторының әсерін азайтып, бағалау процесінің объективтілігін арттырады.

Жылжымайтын мүлік нарығындағы өзгерістерді тұрақты түрде бақылау және кадастрлық бағалау жүйесін нарықтық трендтермен сәйкестендіру.

Жер және мүлік бағалау жүйесінде халықаралық тәжірибені енгізу. Озық елдерде қолданылатын Big Data, геоаналитикалық зерттеулер және AI-технологияларды енгізу, бағалау процесінің дәлдігін арттыруға көмектеседі.

Шымкент қаласы экономикалық, әлеуметтік және демографиялық тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан мегаполис болғандықтан, бұл қаладағы жылжымайтын мүлік бағасының қалыптасуы өте өзекті мәселе болып қала бермек. Қалада жыл сайын жаңа тұрғын үй кешендері, коммерциялық нысандар мен өндірістік аймақтар салынып, халық саны артып келеді. Сондықтан жер мен мүліктің әділ және нақты бағалануы қала тұрғындары үшін де, инвесторлар үшін де аса маңызды.

Зерттеу нәтижесінде Шымкент қаласында кадастрлық бағалаудың нарықтық бағамен сәйкес келмеуінің негізгі себептері анықталды. Бұл айырмашылықтарды азайту үшін бағалау әдістерін жетілдіру, нарықтық трендтерді үнемі бақылау және жер кадастрын цифрландыру маңызды. Егер бағалау жүйесін жетілдіру бойынша нақты шаралар қабылданатын болса, бұл қаладағы жылжымайтын мүлік нарығының тұрақтылығына, инвестициялық тартымдылықтың артуына және тұрғындардың қолжетімді баспана алуына оң әсерін тигізері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, Шымкент қаласындағы жер және жылжымайтын мүліктің нарықтық және кадастрлық бағасын нақты анықтау үшін бағалау әдістерінің толыққанды және кешенді түрде қолданылуы қажет. Бұл қала экономикасын тұрақтандыруға, тұрғын үй нарығының тиімді дамуына және халықтың әл-ауқатын арттыруға оң ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442-ІІ Жер кодексі, Юрист баспасы, -12б.
- 2 Сагинова Б.К., Бименова А.Е. «Жылжымайтын мүлік экономикасы», 2014, 6-8б.
- 3 Блисов Т.М. «Жер кадастры», 2014ж., 30-31б.
- 4 Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі, 2 сәуір 2020 жыл, интернет ресурсы: <http://adilet.zan.kz>.
- 5 Жер учаскесіне меншік құқығына және жер пайдалану құқығына сәйкестендіру құжаттарының нысандарын бекіту туралы, 26 қаңтар 2015ж., №10149, интернет ресурсы: <http://adilet.zan.kz>.
- 6 Жер-кадастрлық құжаттамалардың құрылымын, құрамын және мазмұнын бекіту туралы, 10 желтоқсан 2024ж., № 9951 интернет ресурсы: <http://adilet.zan.kz>.
- 7 Шымкент қаласының орташа айлық ауа-райы, 5 сәуір 2025ж., интернет ресурсы: <https://weatherarchive.ru/Pogoda>.
- 8 Бабенко Р.В. «Решение проблемы несовпадения кадастровой и рыночной стоимости», Ростов-на-Дону, 2017г.
- 9 Котляров М.А., Татаркин Д.А., «Рыночная и кадастровая стоимость в системе налогообложения недвижимости», 2018г.
- 10 «Real Estate», 2024г., интернет ресурс:<https://economic-definition.com>
- 11 Ондасынова А.И. и др. Основы оценки интеллектуальной собственности: учебное пособие. Алматы: Экономика, 2009г.-138с.
- 12 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті, 1 сәуір 2025ж., интернет ресурсы:<https://stat.gov.kz>.
- 13 Корзоватых Ж.М., Амбарцумян М.А. «Опыт зарубежных стран в оценке недвижимости», Москва, 2017 г.
- 14 Коробкин В.А., Лященко Л.В., Лищенко ГХ., Стуканов В.А. Токсикологические свойства сточных вод 2008 г., 45-69 с.
- 15 Жерлердің бағалау аймақтарының шекараларын және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы, 23 шілде 2024, №356, 1 сәуір 2025ж., интернет ресурсы: <http://adilet.zan.kz/kazdocs/V15R0001202>.
- 16 Земельный фонд Республики Казахстан, его распределение и оценка использования, 9 апреля 2024г., интернет ресурс: <http://stual.org>.
- 17 «Қазақстан Республикасының жер үшін төлемақының базалық ставкаларын бекіту туралы қаулысы» №890, 2 қыркүйек 2013ж.
- 18 «Земельные ресурсы Казахстана», 2ст., 1 апреля 2025г., интернет ресурсы: <http://mirznanii.com>.
- 19 Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. – Шымкент: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2006ж. 1-том. -195 б.

- 20 Бейсенова Ә.С., Карпеков Қ.Д. «Қазақстанның физикалық географиясы», 2008ж., 29-51б.
- 21 Жамалбеков Е., Білдебаева Р. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы - Алматы: Қазақ университеті, 2004ж. - 240 б.
- 22 Чигаркин А.В. Геоэкология и охрана природы Казахстана. – Алматы: Казак университеті, 2003ж. – 338 б.
- 23 Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзин Г.Ж. «Жерді кадастрлық аймақтау, бағалау және жер салығын салу, Алматы, 2011ж., -113 б.
- 24 Грязнова А.Г., Федотова М.А. Оценка недвижимости. – М.: Финансы и статистика. 2006г. -496 с.
- 25 Борис Киселев «Экономика недвижимости», 2010 г. -55 с.
- 26 Алматы қаласы жер қатынастары басқармасының ресми-сайты: Almaty.uzo.kz, 18 сәуір 2020ж.
- 27 Продажа земельных участков и недвижимости города Алматы, 5 апреля 2020г., интернет ресурс: <https://krisha.kz>.
- 28 НАО Правительство для граждан, 01 апреля 2025г., интернет ресурс: <https://gov4c.kzkkmain-kz>.
- 29 Аналитика рынка недвижимости, 02 апреля 2025г., интернет ресурс: <https://almaty.etagi.comanalytics>
- 30 Кузьмина М.В., Мезенина О.Б. «Оценка объектов недвижимости», Екатеринбург, 2019г., -27с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӨТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

СЫН - ПІКІР

Дипломдық жұмысқа

Айгужина Сәуле Муратқызы

6B07304 - Геокеңістік цифрлық инженерия

Тақырыбы: Шымкент қаласы жылжымайтын мүліктің нарықтық және кадастрлық құнын салыстырмалы талдау

Орындалды:

А) Графикалық бөлімі ___ беттен тұрады

Б) Түсініктеме қағаз 51 парақтан тұрады

ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ

Ұсынылған дипломдық жұмыс өзектілігі жоғары, теориялық және практикалық маңызы бар маңызды тақырыпты қамтиды. Жылжымайтын мүлікті бағалау — қазіргі экономикалық қатынастар жүйесінде кең қолданысқа ие сала, әсіресе Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан қалаларының бірі — Шымкент үшін бұл мәселе аса өзекті. Автор тақырыпты терең зерттеген, бағалау жүйесінің теориялық негіздерінен бастап, нақты аймақтық жағдайларға бейімдеп, ғылыми тұрғыда нақты тұжырымдар жасаған.

Дипломда нарықтық және кадастрлық бағалау әдістері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың айырмашылықтары мен қолдану аясы нақты мысалдар арқылы дәлелденген. Зерттеу барысында Шымкент қаласының географиялық, экономикалық, демографиялық ерекшеліктері ескерілген. Жер телімдерін бағалық аймақтарға бөлу мен бағалау процесінің қазіргі жағдайы әдістемелік тұрғыдан жақсы сипатталған. Жұмыстың құрылымы жүйелі, мазмұны логикалық бірізділікпен жазылған, ғылыми тіл сақталған.

Диплом жұмысы барлық ғылыми-әдістемелік талаптарға сай келеді, өзектілігі жоғары, құрылымы мен мазмұны тиянақты. Жұмыс 95%- «өте жақсы» деген бағаға лайық деп есептеймін және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының қарауына қорғауға жіберуге ұсынамын.

ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Студенттің орындаған жұмысы жоғары деңгейде орындалды. Мен Айгужина Сәуленің дипломдық жұмысы 95% - “өте жақсы” деп бағалауды ұсынамын.

Рецензент

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
«Жер ресурстары және кадастр»
кафедрасының аға оқытушысы,

«PhD докторы АГРАРЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»
«19» мамыр 2025ж Сайлығараева М.А.
РЕСУРСТАРЫ АКАДЕМИЯСЫ
ҚазҰТЗУ 704-24 Ү. Рецензия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. СӨТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ

Дипломдық жұмысқа
ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Айгужина Сәуле Мұратқызы
6В07304 – Геокеңістіктік цифрлық инженерия

Тақырыбы: "Шымкент қаласы жылжымайтын мүліктің нарықтық және кадастрлық құнын салыстырмалы талдау"

Дипломдық жұмыс «Шымкент қаласы жылжымайтын мүліктің нарықтық және кадастрлық құнын салыстырмалы талдау» тақырыбы бойынша орындалған және қазіргі уақытта өзекті болып табылатын жылжымайтын мүлік саласындағы бағалау мәселелерін ғылыми және практикалық тұрғыда қарастырды.

Дипломдық жұмыс мазмұны жағынан толық, құрылымы талапқа сай және ғылыми-тәжірибелік маңызы жоғары. Жұмыс барысында студент өз бетімен ізденіп, әдебиеттермен, нормативтік құжаттармен және нақты деректермен жұмыс жасай алған. Сонымен қатар, аналитикалық қабілеті мен кәсіби даярлығының жоғары деңгейде екені байқалады.

Айгужина С. М. зерттеу жұмысын орындау барысында Шымкент қаласының географиялық, экономикалық, демографиялық ерекшеліктері ескерілген. Жер телімдерін бағалық аймақтарға бөлу мен бағалау процесінің қазіргі жағдайы әдістемелік тұрғыдан жақсы сипатталған. Жұмыстың құрылымы жүйелі, мазмұны логикалық бірізділікпен жазылған, ғылыми тіл сақталған.

Жалпы, жұмыс зерттеу барысында алынған нәтижелерді жинақтап, нақты ұсыныстар берген. Бұл оның зерттеу тақырыбын толық меңгергенін, ғылыми талдау және жүйелі ойлау қабілетінің қалыптасқанын көрсетеді. Осыған байланысты, Айгужина С. М. 95% деңгейінде бағаланып, геокеңістіктік цифрлық инженерия мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иеленуге толықтай лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші

Ғ.м., аға оқытушы



Абдығалиева С.С.

«29» мамыр 2025 г.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Айгужина Сауле

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: диплом АЙГУЖИНА САУЛЕ

Научный руководитель: Оқытушы Орынбасар Байтурбай

Коэффициент Подобия 1: 0.4

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 3

Знаки из здругих алфавитов: 439

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 29.05.2025



Заведующий кафедрой

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Айгужина Сауле

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: диплом АЙГУЖИНА САУЛЕ

Научный руководитель: Оқытушы Орынбасар Байтурбай

Коэффициент Подобия 1: 0.4

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 3

Знаки из здругих алфавитов: 439

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.

☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.

☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.

☐ Обоснование:

Дата 30.05.2022

Байтурбай О.
проверяющий эксперт